



21 наурыз, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Израиль тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Израиль Президенті Ицхак Герцогпен телефон арқылы сөйлесті.

Ицхак Герцог Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқын алдағы Наурыз мейрамымен және қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтады. Өз кезегінде Мемлекет басшысы Израиль Президентіне құттықтағаны үшін алғыс айтып, Песах мейрамы қарсаңында Израиль халқына амандық пен бақ-береке тіледі.

Сонымен қатар президенттер Қазақстан мен Израильдің сауда-экономика саласындағы ынтымақтастығын нығайту перспективаларын талқылады. Әңгімелесу барысында екіжақты тауар айналымының көлемі арта бастағаны атап өтілді. Сондай-ақ екі ел арасында мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту маңыздылығы айтылды.

САЙЛАУ – 2023

ОСК: АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫ

Кеше кешкілік Орталық сайлау комиссиясы ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауының алдын ала нәтижесін жариялады.

Комиссияның алдын ала дерегіне, Мәжіліс сайлауына қатысқан партиялар сайлаушылар даусын былай бөлген:

1. Atpat партиясы — 53,90% немесе 3 431 510 адам дауыс берді;
2. «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы — 10,90% немесе 693 938 адам дауыс берді;
3. Respublika партиясы — 8,59% немесе 547 154 адам дауыс берді;
4. Қазақстан халық партиясы — 6,80% немесе 432 920 адам дауыс берді;

5. «Байтақ» жасылдар партиясы — 2,30% немесе 146 431 адам дауыс берді;

6. «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы — 8,41% немесе 535 139 адам дауыс берді;

7. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия — 5,20% немесе 331 058 адам дауыс берді;

«Бөріне қарсымын» бағаны — 3,90% немесе 248 291 адам дауыс берді.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, елімізде өткен сайлауда 6 366 441 адам өз тандауын жасаған.



Наурыз – ЮНЕСКО қорғауындағы мұра

Наурыз мерекесі 2016 жылы 30 қарашада Эфиопия астанасы Аддис-Абебада өткен ЮНЕСКО-ның 11-сессиясы шешімімен материалдық емес мұралардың репрезентативті тізіміне еніп, халықаралық деңгейде қорғауға алынған. ЮНЕСКО тарапынан Наурыз мерекесі «(с) Әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар» санаты бойынша Қазақстан (Наурыз), Ауғанстан (Nowrouz), Әзербайжан (Novruz), Индия (Nowrouz), Иран (Nowrouz), Ирак (Nowrouz), Қырғызстан (Nooruz), Өзбекстан (Nowruz), Пакистан (Navruz), Тәжікстан (Nevruz), Түркіменстан (Nowruz), Түркия (Navruz) мемлекеттерімен ортақ мұра болып бекітілген. Бұл мейрам – парсы жерінде пайда болып, ежелгі Тұран халқының Иран патшалығымен этномәдени байланыстары негізінде ерте түркі тайпалары арасында тараған рухани құндылық. Оны тойлайтын халықтардың барлығы үшін ортақ мүдде – адамдардың табиғатпен тіл табысуы, жыл басын ізгі ниетпен, жақсы көңілмен қарсы алып, тыныштық, молшылық тілеу, реніші болса бір-бірін кешіріп, этикалық-моральдық қатынастарын реттеу. Наурызда атқарылатын ғұрыптар, рәсімдер халықтардың дәстүрлі мәдениетімен, наным-сенімдер жүйесімен тығыз байланысты.

3-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты ағайын!
Қазіргі жерлестер!

Наурыз — көнеден келе жатқан мағынасы мәнді, тағылымы терең мереке. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналды.

«Наурыз» сөзі біріншіден, «жана күн» дегенді білдірсе, екіншіден, күн мен түн теңеледі, сондықтан барлық бастама, ұлы істі ырымдап халық осы күні бастаған. Сол себепті бұл күнді «Ұлы істің ұлы күні, яғни Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Ырымшыл халқымыз көптеген елеулі істерін осы күнге туралап үмітін үкілеген, кеткеніміз келсін, кемтігіміз толсын деп тілектерін жүректеріне байлап, елдің береке-бірлігін ту еткен.

Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз дана халқымызда ерекше сән-салтанатпен аталып өтеді. Бұл бір жағынан өткенді саралап, болашағымызды болжайтын айрықша маңызға ие.

Кейінгі уақытта аймақта қаншама игілікті іс атқарылуда. Сыр өңірі сан-салалы серпілістің алтын бесігіне айналуда. Қашанда ауызбіршілігі мен ынтымағы берік Сыр халқы Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауында жарқын болашақ үшін белсенділік танытты. Сындарлы сәтте көрінген нық ұстаным мен ортақ мүддеге деген көзқарас елдіктің мерейін әрдайым асқақтата берсін!

Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, халқымыз аман, бейбітшілік заман болсын.

Әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін.

Ізгі тілекпен,
облыс әкімі
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ



«САБАЛАҚТА» ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Қызылорда қаласы «Сабалақ» елді мекенінде дарынды балаларға арналған, заманауи үлгідегі жабдықтармен жарақатталған 150 орындық №285 мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты ел игілігіне табысталды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім ордасының ашылу рәсіміне қатысып, жерлестерін мерекемен құттықтады. Күні кеше елімізде өткен Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын кезектен тыс сайлауда белсенділік танытқан жұртшылыққа алғыс білдірді.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, Үкімет деңгейіндегі жан-жақты қолдаудың және бірлескен жұмыстардың нәтижесінде Сыр өңірінде тың жобалар жүзеге асуда. Біз адами капиталды дамыту және білім сапасын арттыру мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі екенін әрдайым айтамыз. Өңірімізде заманауи жаңа білім ошақтары бой көтеріп, жас ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына бар жағдай жасалуда. Өткен жылы облыста 19 балабақша, 6 мектеп, Жалағаш ауданында «Оқушылар үйі» және «Өнер мектебі»

пайдалануға берілді. Туған жерге жанашыр меценаттар, кәсіпкерлер 9 млрд теңгеден астам демеушілік қаржыға ауқымды жобаларды жүзеге асырды. Нәтижесінде 80 спорт-ойын алаңы, демалыс парктері мен аллеялар ел игілігіне табысталды. Қызылорда қаласында «Анаға тағзым» орталығы, Арал ауданы Токабай ауылында жаңа мектеп құрылысы жүргізілуде. «ҚазГерМұнай» ұлттық компаниясы басшылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы басталады. Алдағы уақытта да



мемлекет, облыс басшылығы тарапынан бұлдірішдерімізді, талантты оқушыларымызды қолдау тұрақты жүргізіледі, — деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада ел ағасы Бекмырза Еламанов жерлестерін

құттықтап, білім саласының ардагері Оразбай Сағындықұлы бата берді.

Еске салсақ, өткен жылдың желтоқсан айында Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапары кезінде

Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатын салу, тағы 1 775 орынға арналған 4 мектеп құрылысын аяқтау «Білімді қолдау қоры» қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыстар тізіміне енгізілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста алдағы 3 жылда 15 100 орынға арналған құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектеп салынады. Биыл 10 мектептің құрылысы басталады. Нәтижесінде 2025 жылы өңірдегі үш ауысымды және апатты мектептер мәселесі шешімін тауып, балалардың сапалы білім алуына жағдай жасалады.

Бұған қоса аймақтағы еңбек нарығының сұранысына сай мамандықтарды игеру үшін тұрмысы төмен отбасы балаларына облыс әкімінің 100 гранты бөлінді. Жүзден аса оқушы халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсының жеңімпазы атанды.



ТҮТАСТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАҢДАУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мәжіліс және мәслихат депутаттарын кезектен тыс сайлауда №263 сайлау учаскесінде дауыс беріп, өз тандауын жасады деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Мәжіліс және мәслихат депутаттарын сайлау — еліміздегі саяси реформалардың жалғасы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Быттырғы референдумда халқымыз бұл реформаға қолдау білдірді. Соның нәтижесінде еліміз өкілді билікті жана, әділ әрі ашық бәсекеге жол ашатын қағида бойынша жасақтауға көшті» деп атап өткен болатын.

Бүгінде жан-жақты саяси жаңғыру процесі жүйелі түрде жүрде. Президенттің быттыр наурыз айындағы Жолдауында оның бағыт-бағдары айқындалды. Еліміз дамудың жана кезеңіне қадам басып, ауқымды реформалар жүзеге асты.

Халқымыз референдумда

Ата Заңға өзгерістер енгізуді қолдап, дауыс берді. Ұлттық құрылтайда маңызды мәселелер талқыланып, ел бірлігін нығайтатын тұжырымдар ұсынылды. Парламент пен мәслихаттарды жасақтау тәртібі өзгеріп, Конституциялық Сот құрылды. Президент және Сенат сайлауы өтті.

— Бүгін — Тәуелсіз еліміздің тарихындағы айтулы күн. Сайлауда әрбір азаматтың дауысы маңызды. Бұған дейінгі саяси науқандарда ел келешегі жолында бірлік танытқан жерлестеріміз осы жолы да өз тандауын жасайтынына сенімдімін, — деді облыс әкімі.

Айта кетейік, аймақта 373 сайлау учаскесі және 486 002 сайлаушы бар.

БІРЛІККЕ ҮНДЕЙТІН БЕЛСЕНДІЛІК

Сырбойылықтар саяси науқанды тағы да сәтті өткізді

ҚР Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау науқанына қызылордалықтар белсене қатысты. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында сайлау учаскелерінде ыстық бауырсақ пісіріліп, киіз үй тігілген. Келушілер дәм ауыз тиіп, бір-біріне жылы лебіздер білдіріп жатты. Тұрғындарға қуаныш сыйлау үшін барлық дауыс беру учаскелерінде көңілді әуен шырқалды.

Айталық, «Саяхат» ықшам ауданының тұрғындары №348 сайлау учаскесіне келіп, ел болашағы үшін өз тандауын жасады. Сағат 12:00-ге дейін 500-ге жуық адам дауыс бергенін білдік. Келушілердің қатарында 81 жастағы Қасым Ұқайұлы да бар.

— Азаматтар үшін қабылданатын әрбір шешім маңызды. Еліміздің ертеңі үшін, ұрпағымыздың жақсы өмір сүруі үшін, жұртымыздың әлеуетінің артуы үшін тандауымды жасадым. Ел еңсе тіктеп, егемендігіне қол жеткізгелі көп нәрсе өзгерді. Елдің кемел келешегі үшін сайланып жатқан азаматтар адал болып, елдің жағдайын жақсартар бергей, — деді қарт.

Елмен бірге екенін білдіріп, дауыс берген ақсақалға сыйлық тарту етілді. Ал Қасым ата ел болашағына әсер ететін тарихи сәтте дұрыс тандау жасалатынына сенім білдіріп, ақ батасын берді.

Мұнан кейін біз Абылайхан атындағы №140 орта мектепте орналасқан №211 сайлау учаскесіне бардық. Мұнда 2138 сайлаушы тіркелген. Алғашқы дауыс беруші Шолпан Бисембаеваға сыйлық табысталды.



Қай сайлау науқанында да шынайы белсенділік танытып, ауыл, аудан орталығы тұрғындары осы жолы да тандау жасаудан тартынып қалған жоқ.

АРАЛ. Сайлауда Арал ауданы халқының белсенділігі жоғары болды. Барлық саладағы мамандар, әр буын өкілдері ел ертеңі үшін жасалатын маңызды науқанға үн қосты. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, Арал ауданының құрметті азаматы, ардагер-журналист Шәкірат Дәрмәғамбетов аудан орталығындағы «Қарлығаш» балабақшасы ғимаратында орналасқан №53 сайлау учаскесіне барып дауыс берді. 95 жастағы абыз ақсақал аралдықтарды маңызды науқанға белсенді атсалысуға шақырды. Тұрғындарға батасын беріп, сәттілік тіледі.

Ауданда 55 сайлау учаскесі жұмыс жасады. Барлық сайлау учаскелерінде алғаш болып келген сайлаушыларға ұлттық нақыштағы сыйлықтар табысталды.

ҚАЗАЛЫ. Мұндағы сайлаушылар қатарында жүз жасаған жандар, көмет жасқа толып, алғаш дауыс бергендер де бар.



Ал №227 сайлау учаскесі «Ақсуат» ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы №143 орта мектепте орналасқан. Бұл учаскеге 2864 сайлаушы тіркелген.

Ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Әбуов ең бірінші бюллетенді салып, сыйлық иеленген. Үйден дауыс беруге өтініш білдірген 23 адам бар. Аталған учаскенің хатшысы Талғат Әбіртаевтың айтуынша, бұл сан сағат түскі 12-ге дейін тағы толықтырылуы мүмкін. Осы уақыттан кейін үй аралауға комиссия мүшесінен 2 адам, егер байқаушылардан тілек

білдірушілер болса, олардан да баралы. Алғаш дауыс беруге келген 18 жастағы Гүлім Қаппар есімді бойжеткен таңертең 7:15-те өз тандауын жасаған. Ең жас сайлаушыға арнайы сыйлық табысталыпты. Ал 87 жастағы ақсақал Қыпшақ Рүстембеков учаскенің ең қарт дауыс берушісі екен. Ақ батасын берген бұл кісіге де сый-сияпат көрсетілген.

Сайлау учаскесіне бақылау жасауға — 10, сенім білдіруші 8 адам тіркелген.

Бір сөзбен айтқанда, облыс орталығындағы сайлау учаскелері саяси һәм тарихи іс-шараны лайықты деңгейде өткізді

Ғ.Мұратбаев ауылының тұрғыны Шамша Аймашқызы — №64 сайлау учаскесінде дауыс беруге алғаш келген сайлаушы. Ол өз тандауын жасауға немере-шөберелерімен бірге барған. Сайлау учаскесінің төрағасы Дархан Алдабергенов қасыр жасаған анаға сыйлық тапсырды. Қазір он бес немере, жиырма сегіз шөбере, сегіз шөпшек сүйген Шамша Аймашқызы саналы ғұмырында барлық саяси науқаннан қалыс қалған емес.

Отан алдындағы міндетті борышын өтеп келген жас сарбаздар Рахат Өмірзақов пен Наурызбек Серікұлы Ү.Түктібаев ауылындағы №84 сайлау учаскесінде дауыс берді. Олар Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының 2535 әскери бөлімшесінде қызмет еткен.

ҚАРМАҚШЫ. Ауданда сайлау учаскесіне дауыс беруге келген тұрғындарды үйіне жеткізіп салу үшін автоволонтерлар тегін тасымал қызметін ұйымдастырды.

Қуандария ауылында той үстінен тікелей сайлауға келген жас жұбайлар №111 сайлау учаскесінде дауыс берді.



Жас отбасы үшін бұл тек бас қосқан күн ғана емес, сайлау күнімен де есте қалмақ.

«Ақай» ауылында №116 сайлау учаскесінде өткен жылы «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» жөніндегі ұлттық жобаға қатысып, грант жөніп алған ауыл кәсіпкерлері кулинарлық және кондитерлік, нан өнімдерінің жәрменкесін ұйымдастырды.

ЖАЛАҒАШ. Ұрпаққа үлгі көрсету үшін аудан тұрғындарының басым бөлігі сайлауға бүлдіршіндерін ерте келді. Балаларға арнайы дайындаған ойыншықтар үлестірілді.

«Таң» ауылындағы №136 сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың қарасы қалың болды. Мұндағы ағайын елдің, ауданның, ауылдың ертеңі үшін өтіп жатқан саяси науқанның маңызын жақсы түсінеді. Сайлау учаскесінде «Таң ЛТД» ЖШС ұжымы дауыс беруге біріксідей қатысты.

СЫРДАРІЯ. А.Токмағанбетов ауылындағы №154 сайлау учаскесінде дауыс беруші тұрғындар арасында қазақтың ұлттық ойындарынан сайыс ұйымдастырылды.

Жасы жүзден асқан Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыров №155 сайлау учаскесінде алғашқы болып дауыс берді. Батағөй ақсақал жиналғандарға батасын беріп, мұндай саяси науқандарда белсенділік көрсету керегін айтты.

ШИЕЛІ. Ұлы Отан соғысының ардагері Сәрсенбек Байжанов өз тандауын үйде жасады. Бұл үшін комиссия мүшелері оның тұрғылықты мекен-жайына арнайы барды.

Сайлаушылар ағаш көшеттерін отырғызып, жақсы көңіл-күйде тарқасты. Осы күні ауданда 2 сәби дүниеге келді. Екеуі де — ұл.

ЖАНАҚОРҒАН. Кенттегі №335 сайлау учаскесіне М.Көкенов көшесінің тұрғындары бірге келіп, тандауларын жасады. Бірлігі жарасқан көршілер ел үшін саяси мәні бар шарадан қалыс қалмады.

Осы учаскеге жедел жәрдем қызметкерлері де келіп дауыс берді. «Біз өз тандауымызды жасадық. Бұл — ең алдымен ел болашағын айқындайтын кезең» дейді жедел жәрдемдіктер.

«Сыр бойының» тілшілер тобы



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ

— Сәбит Бексейітұлы — білімді, білікті хирург ретінде кәсіби ортада мойындалған, емделушілердің, елдің алғысына бөленген бірегей кадр. Ол облыс тұрғындарын сапалы және қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды жобаның жүзеге асырылуына дәнекер болды. Өңір медицинасының өзекті мәселелерін республикалық мінберден батыл айтып, республикалық деңгейде қаражат бөлінуіне де өзіндік үлесін қосты. Ол са- лаға жетекшілік еткен кезде Жалағаш ауданында 100 орындық аурухана, Қызылорда қаласында 200 төсекке арналған жылдам тұрғызылатын модульдік аурухана, Қазалы ауданында ауысымына 250 келушіге арналған емхана іске қосылды. Арал, Жалағаш, Жанақорған аудандарының елді мекендерінде 4 дәрігерлік амбулатория ел игілігіне пай- 1-бет



Деректер қундылығы

Мерекенің қалыптасуы, маңызы туралы жазба деректерді ортағасырлық шығыс жазба деректер, ортағасырлық миниатюралар, көне көркемсуреттер, казак қолжазбалары, Алаш қайраткерлері жазбалары, фольклорлық деректер, ауызша деректер, күнтізбелік білімдер, алғашқы баспасөз жарияланымдары құрайды. «Наурыз» — кешенді, пәнаралық зерттеу нысанындағы мәселе, сондықтан біз бұл мақалада тек бірқатар ақпаратпен ғана шектелеміз.

Шығыс ғұламасы Омар ибн Ибрагим әл-Хайямның «Nowruz nama» атты бірін-бірі толықтыратын қолжазбасының бірі Германияның Берлин мемлекеттік кітапханасында, бірі Лондондағы Британ Ұлттық музейінде сақталған. Сельджук сұлтаны Мәлік шахтың ұлы Санжардың өлімінен кейін Мәлік шахтың мұрагерлері обсерваторияға материалдық көмек беруді тоқтатқан. Зерттеушілердің пайымдауынша, Омар Хайям бұл қолжазбаны 1157 жылдары Сельджук сұлтандығының жаңа билеушілеріне обсерваторияның ғылыми маңызын түсіндіру мақсатында жазған. «Nevruz name» — Күн қозғалысына негізделген күнтізбенің тарихы мен күнтізбелік реформалардың жүзеге асуы, исламға дейінгі Иран, Парсы елдеріндегі Наурыз мерекесінің қалыптасуы, тойлануы, оған қатысты аңыздар мен әңгімелер, атрибуттары жайында жазылған бірегей туынды.

«Nevruz name»-ні алғаш Иран зерттеушісі Мужтаба Минави ағылшын және парсы тілдеріне аударып, 1933 жылы ғылыми айналымға ендірген. Қазіргі таңда осы нұсқа орыс және Орта Азия халықтарының тіліне аударылған. Махмұт Қашқаридың «Түркі тілінің сөздігі», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» жазбаларының байырғы түркілердің күнтізбелік білімін саралауда маңызы зор. «Бабыр-нама» жазбасының, Абай Құнанбайұлының ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде сақталған қолжазбасының Наурыздың түп-тамырының тереңдігін саралауда маңызы ерекше. Казак халқының ғұламалары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Мұхтар Әуезов жазбаларында мерекеде атқарылатын көне ғұрыптар жайлы маңызды ақпараттар береді. Күн мен түннің теңелуі, күн қозғалысына негізделген күнтізбе туралы маңызды жазба деректердің де қатары аз емес. «Туркестанские ведомости» газеті және XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы казак басылымдары беттерінде де бірін-бірі толықтыратын маңызды жарияланымдар жеткілікті. Казак есепшілерінен келіп жеткен дәстүрлі күнтізбелік халықтық білім жүйесіне қатысты деректердің шоқтығы бөлек.

Ескі Олиан күнтізбесі бойынша шығыстық Жаңа жылдың бірінші күні 9 наурызға, жаңа Григориан күнтізбесінде 22 наурызға сәйкес келген. Алаш зиялылары түркі халықтары мұрат еткен шығыстық Жаңа жылдың жаңа күнінде Наурыз мерекесінің мән-мағынасы туралы өз ойларын жазып, халықты құттықтап отырған. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтар және XX ғасырдың бас кезіндегі казак басылымдары байырғы казактардың Наурыз мерекесін атап өтудегі ерекшеліктерін айғақтайтын құнды деректер жариялаған. «Қазак» газеті шығып тұрған уақытында әр жыл сайын 9 наурызда газеттің бас айдарын Наурыз тақырыбына арнаған. Сол күні жарияланатын редакциялық құттықтау мақалалар Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовқа тиесілі. «Малияр» есімімен Міржақып Дулатов «Қош келдің, Наурыз!» атты жазбасын «Еңбекші казак» газетінің 1923 жылы №75 санында жариялаған. Мағжан Жұмабаевтың «Наурыз» жазбасы да Жылдың жаңа күніне орай жазылып, сол кездегі «Жаңа мектеп» журналына шыққан. 1926 жылы Кеңес үкіметі мерекенің діни сипаты бар деп, ресми тыйым салғанымен, Алаш қайраткерлері бұл тақырыптан ажыраған емес. Бейімбет Майлин «Наурыз күні» өлеңін 1926 жылы тойлауға ресми тыйым салынғаннан кейін, «Наурыз тілегі» өлеңін 1927 жылы, «Жаңа тілек» өлеңін 1928 жылы жазған.

Омар Хайям «Наурызнама» қолжазбасында мерекенің Заратустра дінінен бұрын пайда болғанын айтады. Аңыз бойынша, Тәңір күнді жаратарда оған ерекше ықылас-мейір төккен, күнге үнемі қозғалыста болуды бұйырған. Күн өзінің жылдық айналымында әр жұлдызды бір айда басып өтеді. Күн он екі жұлдызды бірінен соң бірін толық басып өткенде күн мен түннің теңелуі, көктемнің басталған күні болып есептеледі. Парсы патшалары дәл осы күнді айырықша атап өту үшін баршаға мәлімдеп, мейрам деп жариялаған. Жылдың басы парсыша фарвардин айы деп аталды.

Парсы күнтізбесінде наурыз ай аты емес, жылдың басындағы фарвардин айының басындағы 1-күннің, яғни жаңа күннің аты, казактар бұл күнді «Ұлыстың (жылдың) Ұлы күні» дейді. Махмұт Қашқари жазбасы бойынша ерте

түркілер Наурыз күнінен кейінгі айды «Оғлақ ай»/«Оғлақ айы», яғни «көктем айы», ал одан кейінгі екі айды «Шұқ ай»/ «Ұлы оғлақ ай», яғни «үлкен көктем айы» деп атаған.

Казактар арасында Наурыз мерекесін тойлау бірнеше күнге жалғасып, ол да Наурызнама деп аталған. Мереке жайлы деректердің кейбіріне назар аударып көрейік:

Омар Хайям: «...Үш жүз алпыс бес күннің (күндіз-түнінен) ширегінен тұратын ұлы дәуірді «Ұлы жыл» деп атады да оны төрт бөлікке бөлді. Үлкен жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен Наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңаланады. Патшалардың бір рәсімі бар: жыл басында олар жақсылыққа бағыштап әрі жыл есебін белгілеп алу үшін, тыныштық өмір үшін баршаға қатысты діни жиындар өткізулері ләзім. Кімде-кім Наурызды мейрамдап құшуақ жүрсе, келесі Наурызға дейін тыныш, бейғам ғұмыр кешеді»;

Абай Құнанбайұлы «Біріс сөз казактың қайдан шыққаны туралы» атты жазбасында: «Ол күнде Наурыз деген жазғытұрым мейрамы болып, Наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күні «Ұлыстың ұлы күні» үйде екен, дейді екен»;

Мәшһүр Жүсіп: «Қазактың казак болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы — Наурызнама... Үйсін Төле билің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болған»;

Міржақып Дулатов: «Наурыз — казактың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды күншығыс жұрттарының көбі, Үндістан, Иран, Ауғанстан, Бұхар, Кавказ, түркістандықтар мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда, Наурызды біздің казактың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді... ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің казак-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол — Наурыз», — деген. Мәшһүр Жүсіптің жазбасын сараласақ, жиырма тоғыз жасында Ғабдоллахан бай өткізген Наурызнама тойына сегіз күн бойына қатысқанын айтады. Сондай-ақ, арғынның айдабол руынан шыққан Едіге би Баянауылдан қасына жүз кісі ертіп, Наурызнама жасамауы деп Қызылтауда Сәті кыстауында отырған Сәті Бәйдің ауылына барған оқиғасын баяндайды. Сәті қансонарға кеткен екен, Баяу атты бәйбішесі жүз кісіге бір күннен бір күнді асырып, Наурызнама береді. Қансонардан келген Сәті бай Едіге би тамырына «бұл Наурызнама Баяу бәйбішенікі болды, мен оған ортақтаспаймын, менің Наурызнамам сыймен болсын» деп, Едігеге түйе бастаған тоғыз, қалған жүз кісісін біріне түйе, біріне ат мінгізіп қайтарған екен. Наурызнама жасаудан казак халқының дархан көңілі көрінеді әрі бұл казактың ауқатты, бай адамдарына сын болған. Бұл күні Наурызнама тойының мемлекеттік, әкімшілік сипат алуы — оның заманға сай өзгеріске ұшырауының әсері.

Жойылған көне ғұрыптар


Жазба және ауызша жеткен деректерге сүйенсек, қазіргі жаңғыртылған Наурыз мерекесі жаңаша тойлау форматына трансформацияланған.

Мереке аясында орындалып қазіргі таңда жойылып кеткен ғұрыптар жеткілікті. Көне ғұрыптардың бірқатары көшпелі

сәтке ғана еріп, пышақты сұғып алуға болатындай балқиды екен-мыс. Осы балқыған сәтін бақылап отырып, сұққан пышақты тез суырып алмаса, пышақ та тас болып қатып қалады-мыс. Наурыз мерекесімен байланысты аймақтық ерекшеліктер қатарында Сырдың төменгі ағысы және Қызылқұм казактарының Наурызда Самарканның көктасы жібиді деп, ата-бабаларының мазарының басына көктас



Қайрактас/Самаркантиас. Мүлкіән әулие қорымы. Иққәрдәрия, Сырдария ауданы.



Қайрактас/Самаркантиас. Жазуы: لا اِلاَها اِلاَ اللّٰه مُحَمَّدٌ رَّسُوْلُ اللهِ адамбай оғлы бек Мухаммед 1291 ші жыл опат болды. Қараөткел қорымы. Қармақшы.

ліліктен отырықшылыққа ауысу кезеңімен байланысты қолданыстан шығып қалған. Жойылған, бірақ жазба деректерде қалған ғұрыптар қатарын Сыр бойы казактарының тарихи дәуірлердегі дәстүрлі мәдениетінен іздеуге болады.

«Наурызда Самарканның көктасы да жібиді» деп ренжіскен адамдар бір-біріне кешіріммен қарап, мейірімін көрісумен бекіткен. Казактар арасындағы «Самарканның көктасы да жібиді» сөзінің астарында адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасы жатыр. Мифтік аңыздың бірінде Ұлыстың Ұлы күні күн сәулесі тікелей түскенде Самарқанда көктас қас-қағым

(құлпытас) қоюға тас әкелуге Самарқанда аттанғанын немесе кіре тартушыларға тапсырыспен алдыртқанын айтуға болады. Самарканның әкелінген тасты жергілікті жерде қайрактас, самаркантиас деп те атаған. Самаркантиасты Сыр казактарының наурызда алдыртуы жайында әңгімелер көнекөз қариялар арасында әлі де кездеседі. Самарқанда құлпытас өңдейтін шеберханалар болған. Ақтөбедегі «Хан моласында» Кіші жүз ханы Әбілқайырдың басындағы құлпытас та «самаркантиас» аталуы тастың Самарқанда дайындалуымен байланысты (негізінен Ақтөбе қорымдарындағы басқа құлпытастар жергілікті тас-тан жасалған). Қызылқұмның

үстінен Орта Азияға апаратын керуен жолының бірнеше бағыты түскен. Самаркантиасты жергілікті кірешілер де тасыған.

Казак жерінің оңтүстігіндегі казактар наурыздың басында көктеуде отырған. Алғашқы ауыл шаруашылығы санағы кезінде 1907 жылы статистер Сыр казактарының көктеуге 1 наурыздан бастап-ақ қоныстанғанын, Сырдарияның сол жақ бетінде қыстаған казактардың көктеулік қонысқа Сырдарияның мұзы сөгілмей тұрып, ақпан айының соңында мұз үстінен өтіп алғанын тіркеген.

Сыр казактарының көктеуге көшердегі отпен аластау, қауак сындыру көне ғұрпы туралы Н.Гродеков, Ә.Диваев жазбаларында қызықты деректер кездеседі. Қыстаудан көктеуге көшкі шығар алдында жолдың екі жағынан үлкен екі от жағалды, өйелдердің жасы үлкені қауақтан жасалған ыдысты алып «қауак сынды қайғы кетті» деп қауакты сындырады. Одан кейін жағылған екі арасынан жүк артылған түйелерді өткізеді, одан кейін адамдар «алас, алас, бәледен қалас» деп оттан секіріп, тазару ғұрпын жасап, қыстан аман-есен шыққандарына тәубешілік етеді. Міржақып Дулатов:

— Қуаныш мал мен жанда, Қыс шыққан өлмей тірі, — деген.

Казактардағы «Бай бір жұттық, батыр бір өгтық» деген сөздің астарында үлкен мән жатыр.

тар Әуезов «Қаракыпшақ Қобыланды» пьесасын жазғанда «Қайрақан» сөзін Токтарбай мен Қараманның аузына салады. Пьеса желісінде Қобыланды мен Құртқа бас қосқанда «отқа май салып» От Анаға сыйыну ғұрпы үстінде Токтарбай: «Қарғысы қатты Қайрақан, қарғысынан сен сақта» деп бата жасайды. Қайрақан казактар арасында «Қайраған» деген атаумен де кездеседі. Қайраған (Қайрақан) образы С.Сейфуллин жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінде де кездеседі:

«Көш, Қайраған, көш», — десіп,

«Көз көрместей, өш!», — десіп».

Казактардың байырғы сенімінде Қайрақан жамандықтың иесі саналған мифтік бейне болса, керісінше тыва, телеуіт, алтайлықтар сияқты түркі халықтарының сенімінде ол қастерлі, қасиетті күш иесі, «тау-су» иесі. Казакстандық этнограф, этнолингвист ғалымдардың пайымдауынша «Қайрақан» образының казак халқындағы сипаты көне түркілік, исламға дейінгі реликтермен байланысты, ал Алтай түркілеріндегі сипаты олардың моңғолдармен этно-мәдени тілдік қатынастың әсерінен қалыптасқан болуы керек.

Казактар төрткөз итті асырамаған, көрсе қуып жіберген, ал Наурыз кезінде көрсе қан шығармай күшәлө беріп өлтірген екен. Ал күнделікті өмірдегі наным-сенімде ит тотемінің маңызы жоғары саналады. Бұл күні осы айтылған ритуалдар да жойылып кеткен. Ғұрыптардың жойылуы казак даласына ислам дінінің дендеуінен байланысты екені анық. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов: «Төрткөз итті өлтіру, моғал ошақ қазу, жұп шырақ жағу ескі заман дін мейрамынан туған. Жұп шырақ жағу — байырғы казактардың аспан, Көк тәңіріден кейінгі сенімі от иесіне арнаған тілегі» деген. Осындай аластау ғұрыптары көшпеліліктен отырықшылыққа ауысу кезеңінен бастап жойылған.

Мәшһүр Жүсіп «Наурыз» атты қолжазбасында Наурыздың тойының соңғы «Тойтарқар» күні әулиенің басына барып, сол жердегі көлшікке қант төгіп, қант татыған тәтті суды жұрт жабыла ішіп, ырым қылғанын айтады. «Тойтарқар» күні әулиеге тау ету, әулие басынан су ішу астарында казак халқының бірлік пен татулықты берік ұстанғаны көрінеді. Бұл күні Наурызнамада бұлақ басына барып тәтті су ішу ғұрпы да өткеннің еншісіне қалды.

Казактар наурыз айындағы күннің ұзаруын «Ұзынсары» деп атайды. Ұзынсарыға деп қысқы соғымнан шеке, ет, кептірілген ірімшік және қарынға салып май, жент сақтаған. Жент дастарханымыздан үзілмегенімен, ұзынсарыға деп арнайы қарынға салып қатырып сақтау ғұрпы жойылды. Наурызға деп соғымға сойылған жылқының шекесін сақтау, шекеге шақыру ғұрыптық ас рәсімін Наурызда жасау — қазіргі кезде Шығыс казактары арасында сақталып қалған отбасылық дәстүр. Шығыс казактары «мал басы бұзылмасын, келесі «қызылға» (соғымға) аман-есен жеткізсін» деген ырыммен осы күні де бас, шекені етпен бірге асып, көжені сол сорпаға жасауды сақтап отыр.

Наурыз көженің Шығыс казактарының арасында «көп көже», «қос көже», Жетісу казактары арасында «тілеу көже», «жылы көже» атауы аймақтық ерекшеліктермен қатар, ғұрыптық ас ретіндегі мәнімен байланысты. Қазактың наурыз көжесінде соғым сыбағасы мен ағарғанның болуы дәстүрлі мал шаруашылығы төрт түлікпен байланысты болса, ал отырықшы мәдениет басым халықтар осы мерекелегі ғұрыптық ас мәзірін өз дәстүріне қарай бейімдеген.

Наурыз мерекесі ерте заманнан түркі дүниесіне ортақ мұраға айналғанымен, әр халық бұл мерекені өзінің дәстүрлі әдет-ғұрыптарына, дәстүрлі тұрмыстарына, дәстүрлі шаруашылықтарына сай бейімдеген. Наурыз мерекесінің ғұрыптары тарихи дәуірлердің ауысуы, мәдени үдерістердің дамуына байланысты өзгерістерге ұшырап отырған. Он екі ай атын қазақшалағанда, біз «Наурыз» деген Жаңа жылдың бірінші күнінің атын ай атына меншіктелдік. «Көрісу» — екі адамның бірін-бірі көргенде немесе арнайы амандық біле барып құшақ айкастырып, қауышып, атқаратын ғұрпы. Осы күнгі инновациялық қоғам әсерінен онлайн көрісу-құттықтау орын алып, ғұрыптық, архайқалық мәнін адамдар қолдан өзгертуде. Наурыз — мәдени мұра ескерткіші ретінде зерттеу нысанында. Қазіргі таңда Наурыз ғұрыптарының жаңаша сипат алуы басым болуы себепті тарихи дәуірлердегі болмысын ашу, жазба деректер мен ауызша деректерді салыстырмалы сараптау, Наурызға қатысты дереккөз базасын классификациялау ісін өзін қызмет атқарып отырған ортаның этнограф ғалымдары жалғастырып келеді.

Тәттігүл КАРТАЕВА, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музееология кафедрасының профессоры



ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАНДАСТАР Әз Наурызды қалай тойлайды?

Қытайдағы қандастарымыздың бабадан қалған мерекенің мәнін бұзбай, қазақтықтың қаймағын сақтап тойлауы қуантады. Сол үшін де алыстағы бауырларымыздың мереке тойлаудағы ерекшеліктері туралы айтқанды жөн көрдік.

**Сb Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»**

ӘЗ БОЛМАЙ, МӘЗ БОЛМАЙМЫЗ

Ескіше жыл есебі бойынша, «Әз болмай, мәз болмаймыз» деп ырымдап, «әз»-дің келуімен яғни 10-15 ақпан аралығы соңын ала, қазақтар жиі шоғырланған Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарында Наурыз мейрамы басталып, тура бір айға жалғасады екен.

— Әуелі әрбір үй наурызкөже жасайды. Халықтық дәстүрге сай бидай, тары, сүр ет, бұршак, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі дәмді араластырып жасалған көжеге тақ санын сақтап, әркім өз жағдайына қарай дөңді тағам түрін көбейте береді. Ол негізінен бидай, тары көже түрінде әзірленеді. Наурызкөжені әр аймақ өз ауанына қарай «Тілеукөже», «Көпкөже», «Наурызкөже» деп те атайды. Жас келіншектер жас үлкендерден ақыл-кеңес сұрап, дәмге не қосу керектігін саралап жатады. Арнайы ас ішудің де өзіндік ырымы бар, оны сұрап ішсе, жақсы, ырыздығы мол болады, — деді Іле аймағы Нылқы ауданы Мыс ауылы Қас жайлауының тұрғыны Жамбыл Бакытөліұлы. Ол — бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті.

Оның айтуынша, ыдысқа толтырып құйылған дәмді түбіне дейін қалдырмай тауысып ішу үй иесіне деген құрметтің бір белгісі саналмақ. Ауылда бертіндегі жылдарға дейін көжені бәстесіп ішетіндер де болған.

НАУРЫЗ — ҒАШЫҚТАР МЕРЕКЕСІ

Осы университетті тәмамдаған тағы бір қандасымыз, ақын Қуаныш Өмірбек: «Наурызкөжеге жұртты арнайы шақырмайды. «Ел құлағы — елу» дегендей, бірінен-бірі естіген жұрт көже берген үйге келіп: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!» айтысып, өз сыбағасынан ауыз тиеді, кейде әжелеріміз оны жасқа толмаған сәбидің ерніне жағып, бір

жасқа толдың деп ырымдап жатады. Наурыз айында мерекеге арнап арнайы мал сойылмайды, себебі көктемде жас төлдің өсуіне кесірі тиеді деп есептейді. Әрі осы айда салт бойынша тұзақ құрып, ешкім аңға шықпаған. Бұл күні ешкімнің тірі жанға зияны тимеуі керек деп есептеген. Наурыз айында жас келіндер мен бойжеткендер кестелі оралм тіксе, оған әжелеріміз ауыл аралап, дәм тата жүріп, «анау пәленбайдың келінінің сырмағының өрнегі керемет айшықты болыпты. Тамаша тігіліпті» деп, жас шеберлер өнерінің төселе түсуіне төрелік айтып, игі тілек білдірген. Бозбалалар болса, ағаштан, темірден сәндік заттар жасап, осы жұмыстары күн мен түн теңесетін шақта көдеге асатын» — дейді ол.

Туған жерін сағынып жүрген жастар ағынан жарылды. Айтуларында, «Ұйқыашар», «Селтеткізер» жоралғыларын сый-тартуларымен әлі жасайды екен. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігітіне тартады. Бұл «Ұйқыашар» деп аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «Селтеткізер» рәсімін жасайды, яғни қалауынша айна, тарақ, әтір суын сыйлайды. Айна — пәктіктің, жастықтың, тарақ — әдемілік пен сұлулықтың, ал әтір суы — жаңа бұршігін жарған жауқазындай құлпыр деген игі тілектің белгісі.

Мереке түні жастарға мол мүмкіндік жасалады. Қыз бен жігіт бір-біріне сырын айтып, шынайы сезімін актарса, баянды болады деп есептейді. Басқаның таңсығына асылмай, осы күнді «Ғашықтар мерекесі» деп атасак та болатындай. Өйткені бұл — ата-бабадан жалғасын тауып келе жатқан өнегелі дәстүр.

ШЫҢЖАНДАҒЫ НАУРЫЗ ШҰҒЫЛАСЫ

Қытай елінен келген студенттердің айтуынша, бағзы заманнан бері тамырын тереңге жайған ұлттық мерекенің бұл өлкеде тойлануына 1966-

1976 жылдар аралығындағы «Мәдениет төңкерісі» кері әсерін тигізген екен. Ел аумағында жүрген осы бір солақай саясат салдарынан мереке жасырын тойланған. Оң жылдық қысымнан кейінгі жылымық кезеңнен бастап қайта тойлана бастаған. Ал ондағы қала жағалаған қазақтардың бұл мейрамды тойлауы Қытай астанасы Бейжіңнен бастау алған екен. 1982 жылы сол қалада тұратындар ұйытқы болып, Орталық ұлттар университетінің концерт залында кішігірім мерекелік ойын-сауық ұйымдастырған.

— Көктем лебі ескен Әз-Наурыз мерекесін бүгінде Шыңжаңдағы қазақтардың бастамасымен ұйғыр, өзбек, қырғыз қатарлы ұлттар ортақ тойлайды. 2012 жылдың Шыңжаң өлкелік екінші мәжілісінде Хотан уәкілдер үйірмесі осы жөнінде ұсыныс беріп, 3500 жылдық тарихы бар бұл мереке Шыңжаңның жергілікті дәстүрлі мерекесі қатарына енгізілді. Әр жылы 21 наурыз күні өлкенің заңды мерекелік демалысы болып бекітілді. Сол күні демалып, құтты мерекені ортақ тойлайды, — дейді К.Өмірбек.

ҮТ КЕЛМЕЙ, ҚҰТ КЕЛМЕЙДІ

Ұлыстың ұлы күні ерекше табиғат құбылыстары да болады. Наурыздың 21-нен 22-не қараған түні ұлы күштің кереметі соншалық, ауаның тұнық кезінде таңғы сағат үш мезгілінде аспаннан гүлдеп бір дыбыс өтеді екен. Мұны «үт» дейді, қазақта «үт келмей, құт келмейді» деген сөз осыдан қалса керек. Мұны төрт түліктің ішінде қой ғана сезеді екен де, аспанға анырып қарап қалатын көрінеді.

— Бұл күндері ұлттық тәрбиенің кемшілігі салдарынан барынша даңғазаланып, мереке тек концерт көруге айналып барады. Осы күні балаларын базар аралатып, ойыншық алып беруді Наурыз өткізумен шатастырып жүр. «Бала жасындағысын ұмытпайды», сондықтан әрбір ата-ана Әз-Наурызды өз отбасында тойласа, оның жас ұрпаққа берері мол болар еді. Асыл дәстүрлі қалтқысыз қастерлей алған халық қана ұрпақ болашағын қамтамасыз ете алады. Себебі бар жақсылық наурыздан басталады, — деді Ж.Бакытөлі.

ол күні барлық жиылғандар ұлттық киім киіп келген. Наурыз көже, палау, қуырдақ пісіріліп, бауырсақ та қуырған. Басқа да ұлттық тағамдар дастарханға қойылып, үлкен-кіші мәз-майрам болды. Мереке аясында түрлі байқаулар, спорттық сайыстар да ұйымдастырылған. Ән-жырдан шашу шашылып, биге де кезек берілді. Сонында байқау жеңімпаздары анықталып, олар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

California Qazaq Community — Калифорниядағы қазақтардың коммерциялық емес бірлестігі. Ол 2020 жылы ресми тіркеліп, жұмыс істеп келеді. Мұнда апта сайын диаспора жетекшілерімен кездесу өткізіледі. Балаларға арналған тегін үйірмелер мен спорт секциялары да бар. Балалар мен ересектер ана тілін ұмытпас үшін қазақ тілі үйірмесі де жұмыс істейді.

— Қазақ бірлестігі бірнеше қалада бар және Америка бойынша солай. Олар осы елге енді келген жерлестерімізге көмектеседі. Мұнда «Болашақ» бағдарламасы бойынша келіп, оқып жатқан студенттер өте көп және олар — бірлестіктің еріктілері. Осындай мерекелер бізді біріктіріп, басымызды қосады, сондықтан тойлау қажет. Біз қайда жүрсек те Отанымызды, туған жерімізді сүйеміз. Өз білімімізді, тәжірибемізді еліміздің өсіп-өркендеуіне жұмсағымыз келеді. Барлық жерлестерімді Наурыз мерекесімен құттықтаймыз, — дейді Жанна.

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

ҚАҚПАҚТАР КОЛЛЕКЦИЯСЫ

Жанкент қалашығынан табылған керамикалық санаттардың бірі — ыдыс қақпақтары. Жалпы қақпақтың басты 3 қызметі бар.

Бірінші қызметі — тазалық сақтау. Ыдыстағы тағамды шаң-тозаңнан, қыл-қыбырдан, үй жануарларынан қорғау үшін пайдаланылған. Екінші қызметі — ыдысқа құйылған сусын не тағамның температурасын сақтау. Шілінгір ыстықта салқын тағамды күннің қызуынан сақтаса, салқын күндері ыстық тағамның суып кетпеуі үшін қолданған. Ал үшінші қызметі — ас үйдегі қандай да бір ыдыстың не қазанның бетін жабу, сәйкесінше ыдыс ішіндегі тағамды жың-шайтаннан қорғау. Ежелден келе жатқан наным-сенім бойынша ашық тұрған ыдысқа жың-шайтан үйір келеді. Сол себепті осы күнге дейін ашық тұрған ыдысты (тағам, сусын, т.б.) жың-шайтаннан қорғау үшін қақпақпен жабады. Қызығы, бұл наным-сенім осы уақытқа дейін өзекті. Қақпақ болмаған жағдайда ашық тұрған ас-су құйылған ыдыс майлықпен жабылады.




Музей қорындағы бірінші қақпақ төрт сынған бөліктен құрастырылған бүтін форманы береді. Тұтқасы қиық пирамида пішінінде, ортасы төрт жерінен саусак сиярлықтай етіліп, қуыстайып ойылған. Тұтқаның төбесі сызықтармен төртке бөлініп, дүниенің төрт бұрышын мензегендей арнайы нүктелермен безендірілген. Қақпақ оғыз стиліндегі өсімдіктестес ою-өрнекпен әсемделген. Диаметрі — 15 см, тұтқасының биіктігі — 4,5 см, тұтқасының ені — 6 см. Ішкі бетін толығымен, сыртқы бетінің төрттен бір бөлігін қара күйе басқан. Күйе жаугершіліктегі немесе басқа себеппен өрт шығудың алғышарты секілді. Түсі — қанық қоңыр. Қақпақ көлемді болғандықтан, тостак бетін жабуға пайдаланылуы мүмкін.



Екінші қақпақ сары түсті. Жиегінің бір бөлігі кертгіліп сынған. Айналыра оғыз стиліндегі геометриялық ою-өрнектер салынған. Диаметрі — 8,5 см. Көлемі кішірек болғандықтан құмыра бетін жабуға пайдаланған болуы мүмкін. Шелпек формасындағы қақпақтың негізі дөңгелек қалыпта жасалуы мүмкін деген болжам бар. Негізі шелпек емес, әу баста қонус формасында құйылған. Оған тұтқаның үштікеліп жасалуы дәлел. Тұтқасының жоғарғы бөлігі сынған. Жарты бөлігінің жиегі және ішкі бөлігін түгелдей күйе басқан. Күнделікті пайдаланғаннан емес өртенгеннен күйе болуы мүмкін.



Үшінші қақпақ үш сынған бөліктен тұрады. Үш бөлік бір-біріне жабыстырылып, қақпақтың үштен бір бөлігін құрап отыр. Тұтқасы қиық пирамида формасында, әдеттегідей төрт жағынан саусак сиярлықтай ойылған. Бетіне геометриялық оюлар түскен. Қақпақтың радиусы — 7,5 см, сәйкесінше бүтіндей диаметрі — 15 см. Массивті көлеміне қарағанда тостактың бетін жабуға пайдаланылған болуы мүмкін. Ішкі және сыртқы бөлігін шала-шарпы күйе басқан.



Төртінші қақпақтың бізге үштен бір бөлігі жетіп отыр. Жаугершілік уақыттағы қалаға қойылған өрттің салдарынан толығымен күйе басқан болуы мүмкін. Ошақтағы от қақпақтың беткі бөлігін ғана шарпитеының ескерсек, қақпақтың ішкі бөлігінің түгелдей күйе басуы от емес, өрттің салдарынан болуы мүмкін деген тұжырымға келуге болады. Қақпақтың радиусы — 8,5 см, сәйкесінше диаметрі — 16 см. Тұтқасының айналасы кертгіліп ойылған, жалпы қақпақ бетіне өсімдік тектес ою түскен. Тұтқасы көлемді, қиық пирамиданың төрт жағында басбармақ сиярлық ойық ойылған. Тұтқаның беткі бөлігі шаңырақтың күлдіреуіші формасында ойылып сызылған.



Бесінші қақпақтың жартысы сақталған. Қызығы, қақпақ таза, жалын тимеген, ашық сары түсті. Өсімдік тектес жапырақ оюмен өрнектелген. Ою тұйықталып, кертгілген. Тұтқасы әдеттегідей қиық пирамида формасында, қақпақты ашуға ыңғайлы, төрт жағынан ойық ойылған. Төбесі төртке бөлініп, дүниенің төрт бұрышы төрт нүктемен берілгендей. Радиусы — 7,5 см. Тостактың бетін жабуға пайдаланғанға ұқсайды.

Жанкент археологиялық қазба жұмыстарынан табылған қақпақтардың сыртқы беті көп жағдайда өсімдіктестес және геометриялық ою-өрнекпен безендірілген. Ою-өрнек — ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Қақпаққа түскен ою-өрнек арқылы оғыз халқының тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын көруге болады. Жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып түсірген болса, сол замандардан оғыздарға жеткен үрдіс керамикалық ыдыстарда көрініс тауып отыр. Өсімдіктестес ою-өрнек өсіп-өнуің, көктеп-көгерудің нышаны болса, геометриялық ою-өрнектер күнделікті тұрмыстағы қажеттіліктен туындаған. Қызығы, кей ыдыстарда осы екі оюдың түрлері бірігіп, әдемі бір композиция береді.

Қазақ халқында «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген мақал бар. Қазақ өзіне қымбат, жанына жақын, бағалы санаған жақсысын сұқ көзден, өткір тілден жасырып, жабық ұстағанды жөн көрген. «Ырыстың басы — қара қазан» деп те бекер айтылмайды. Қара қазандағы асты қадірлі санаған, қазанын қақпасыз қалдырмаған. Асыл дүниенің қараусыз қалуы ашқоз жаулардың нәпсісін оятады дегенге сенген. «Бір елі ауызға екі елі қақпақ» деген мәтелде де «қақпақ» сөзі қолданылған. Мәтелде қақпақ әу бастағы «жабу» миссиясын аңартып тұр.

Оғыздар резиденциясы болған, ұлы ғұламалар өмір сүрген Жанкент шаһары талай сырды ақтарды. Алдағы күндері де қызықты жаналықтармен қуантады деп ойлаймын.

**Ұлан ШАҒАН,
облыстық тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қызметкері**

ЛОНДОН МЕН ЛОС-АНДЖЕЛЕСТЕГІ НАУРЫЗ

Түркі халықтарының ортақ мерекесі Наурыз — ынтымақ пен бірліктің мейрамы. Бұл күні көрші-қолан, ауыл-аймақ, ағайын-туыс бас қосып, бір жасап қалады. Тіпті шетелдегі қазақтар да жиналып, Ұлыстың ұлы күні шат-шадыман көңіл күйде тойлайды.

**Сb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»**

Осы орайда Лондондағы жерлесіміз, белгілі журналист Ғалымжан Қараман-ұлымен хабарласып, қандастарымыздың ұлық мерекені қалай тойлайтынын сұраған едік. Оның айтуынша, Наурыз — шет елдегі қазақтардың жыл сайын асыға күтетін және ерекше сән-салтанатпен қарсы алатын мейрамы. Бұл күні түрлі ұлт өкілдері өздерінің ұлттық өнерін паш етіп,

ұлттық тағамдар дайындалады екен.

— Былтыр дәстүрлі мереке екі жылдық карантиндік шектеулерден кейін қайта аталып өтілді. Ол Орталық Азия елдерінің көктем фестивалі аясында ұйымдастырылды. Пандемия салдарынан көптен қауышпаған қандастар бірін-бірі көріп маз болысты. Түрлі ұлт өкілдері ұлттық киім-

дерін киіп, өздерінің өнерін ортаға салады. Ұлттық тағамдар әзірленіп, мерекелік дастархан жайылады. Өзбек ағайындар палауын пісіріп сатады. Бұл күні олардың саудасы қыза түседі. Сондай-ақ, ұлттық колөнер шеберлерінің көрмесі де көпшілік назарына ұсынылады. Түрлі әшекейлер, өзге де колөнер бұйымдарын сол көрмеден табасыз. Әр түрлі қаласылар да сатылады. Жалпы мерекеле Орта Азия елдерінің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық мәдениеті ұлықталады. Мұндағы қазақтар Наурыз мерекесін жылда осылайша тойлайды, — дейді ол.

Сонымен қатар, мерекені жергілікті тұрғындар да қызыға тамашалайды екен.

Өткен аптада Калифорния штатындағы қазақ қауымдастығы да Наурыз мерекесін атап өтті. Лос-Анджелестің ең әдемі парктөрінің бірі — Altaden паркінде 500-ге жуық қандасымыз бас қосып, Ұлыстың ұлы күнін сән-салтанатпен тойлады. Олардың арасында қызылордалық ерлі-зайыптылар — Нұрбек Бергенбаев пен Жанна Аманова да болды. Нұрбек мұнайгаз саласының маманы болса, Жанна «Атамекен» ҰКП жанындағы іскер әйелдер кеңесін басқарды. Қазір ол — «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты. Жолдасы және үш баласымен бірге Лос-Анджелес қаласының Калифорния штатында тұрады. Жаннаның айтуынша,





Әйелдің бақыты – отбасында

Халқымызда «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен Хәлемді тербейді» деген тамаша тәмсіл бар. Расында, қазақ қоғамында отбасының ғана емес, сонымен бірге елдің өркендеуіне, ұлттың ұйысуына, мемлекеттің нығаюына үлес қосып, ер азаматтармен қатар бөлсене еңбек еткен әйелдер аз емес. Олардың ғибратты ғұмыры, қажырлы еңбек жолы – дана жас буынға қашан да үлгі-өнеге. Сондай жанның бірі – аяулы жар, бақытты әйел, асыл ана, дана әже Дариха Ақмағанбетова. Сыр өңірінде бұл кісіні білмейтін адам кемде-кем. Өйткені оның еңбек жолы халықтың көз алдында өтті деуге болады. Ол 1943 жылы Арал ауданында дүниеге келген.

С Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»



— Биыл міне, 80-ге толдым. Бұл жас та жаман емес екен, Алла берген денсаулықтың арқасында қатардан қалып жатқаным жоқ. Мерейлі жасыма орай облыс әкімі қабылдап, құттықтады. Өте әдемі, жылы жүздесу болды. Жалпы менің қоғамдық, қайраткерлік жұмысым сонау мектептен басталды. Мектепте староста, комсомол ұйымының хатшысы болдым. Одан кейін Гоголь атындағы институтқа түстім, қазіргі Қорқыт ата университеті ғой. Онда да белсенді болдым. Жоғары оқу орнын бітірген соң жолдамамен Шымкент облысы Сайрам ауданы «Қайнарбұлақ» совхозының «Ленин жолы» бөлімшесіне жұмысқа бардым. Екі жыл мұғалім болып, осында қайтып келдім. Келген соң аяккіім фабрикасында комсомол ұйымын басқардым. Сол кезде Сырдария ауданы құрылды. Ол 1967 жылдың қантары болатын. Маған аудандық комсомол ұйымы-

ның хатшысы қызметін ұсынды, — дейді Дариха апай. Онан кейін облыстық комсомол ұйымына қызметке келеді де, бөлім менгерушісі болды. Сол жерде жүріп тұрмыс құрады. Екі баланың анасы атанады. Отбасын да, қызметін де қатар алып жүрген Дариха апайға сол уақытта Жоғарғы партия мектебіне оқуға бару туралы ұсыныс түседі. Әйел адам үшін бірінші кезекте қашан да отбасы, жары тұратыны белгілі ғой, Дариха апай да бұл ұсынысқа бірден келісе қоймайды. — Ол кезде әйелдердің қызметке араласуына, әсіресе, қазақ қыз-келіншектерінің өсуіне партия тарапынан қатты мән берілетін. Осылайша маған Жоғарғы партия мектебіне оқуға ұсыныс жасалды. Мен бірден келісе қоймадым. Өйткені жолдасым бар, екі балам бар дегендей. Үйге келген соң жолдасымға жағдайды баяндадым. Тіпті ұсыныстан бас тартатынымды да

айттым. Алайда ол кісі маған ұсыныстан бас тартуға болмайтынын, мұндай ұсыныс келгенге жасала бермейтінін айттып, баруға көндірілді, — дейді ол. Осылайша Дариха апай Жоғарғы партия мектебінде екі жыл оқиды. Оны бітірген соң да еңбек жолы осы партия саласында, басшылық қызметте жалғаса берді. Қалалық, облыстық партия комитеттерінде лауазымды қызмет атқарды. Сонан соң Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне ұсыныс жасалады. Бұл жолы да жолдасы Ақмұрат Мадияровтың қолдауының арқасында аталған лауазымды алаңсыз атқарады. Жалағашта алты жыл еңбек етті. Онан кейін Қызылорда қалалық партия комитетінің хатшысы болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елдегі жағдай белгілі еді. Мәскеуден тапсырма күтіп, солардың нұсқауымен жүріп-тұрып үйренгендерге алдағы

күннің не боларын болжау қиын. Сондай сындарлы шақта азаматтар азат елдің тізгінін ұстап, істі қолдарына алды. Дариха Ақмағанбетқызына Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқару тапсырылды. Ер азаматтармен қатар егемен еліміздің еңсесін тіктеуге атсалысып, тынбай еңбек етті. Кейін зейнетке шыққан соң да қарап қалмады. Өмірде, еңбек жолында жинаған тәжірибесін әрі қарай білім саласында ұштастырып, осы саланың өркендеуіне жұмсады. Ол Қорқыт ата атындағы университет жанындағы «Қабілет» мектебін басқарды. Облыстық мәслихаттың II шақырылымдағы депутаты ретінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің оң шешімін табуына атсалысты. Кейінгі жылдары облыстық әйелдер кеңесінің, «Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрайы-

мы ретінде азаматтық сектордың дамуына, қоғамдық көзқарастың орнығуына өзіндік үлес қосты. Ұзақ жылғы табысты еңбегі лайықты бағаланып, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Президентінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2010 жылы облыстың бас шаһарының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атанды. — Қарап отырсам, зейнет жасқа келгенше басшылық қызметтерде жүріппін. Партия қайда жіберсе сонда барып қызмет істедік. Әйел адам үшін отбасы мен үлкен лауазымды қатар алып жүру оңай емес. Соның барлығында маған үнемі өмірлік жолдасым — Ақан қолдау білдірді. Бүгінде қандай жетістікке жетсем де осы кісінің қолдауының, түсінігінің арқа-

сы деп айтамын. Отбасы болғасын біздің де басымыздан не түрлі жағдайлар өтті ғой. Жұмысымыз бар, үй болған соң келетін қонағымыз тағы бар, оған екі баланың тәрбиесін қосыңыз. Соның бәріне үлгеру үшін әйелге шыдам мен сабыр керек. Қазіргі кезде жастар арасында ажырасу көп. Негізінен отбасының қалыптасуы, сақталуы әйел адамға байланысты. Әйел отбасының ұйытқысы ретінде әрдайым байсалды шешім қабылдап, бәріне сабырмен, шыдаммен қараса кез келген қиындықты жеңеді деп ойлаймын. Ерлі-зайыпты болғасын бір-біріне көмектесуі керек, кешірімді болғаны жөн, — дейді Дариха апай.

Айтпақшы, Ақмұрат аға мен Дариха апай 56 жылдан бері бір шанырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Екеуі де — бір ауылдың тумасы. Бір мектепте, бір класта оқып жүргенде басталған бала махаббат кейін жұбайлық өмірге ұласты. Ақмұрат Мадияров — құрылыс саласында түрлі басшылық қызметтерде болған. Алтын асықтай ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде 5 немеренің сүйікті ата-әжесі.

— Жастау кезімізде 80-90 жас деген ұзақ көрінетін. Көзді ашып-жұмғанша өзіміз де міне, 80-ге келдік. Адамның арманы таусылған ба, қазір немерелер қызығын көрсек, шөберелер қолынан су ішсек деген тілегіміз бар. Өткен өміріме көз жүгіртіп қарасам, мағыналы, мәнді, саналы ғұмыр кештім деп айта аламын. Жалпы өзімді бақытты жар, бақытты ана, бақытты әйелмін деп есептеймін. Алладан елдің тыныштығын, халықтың амандығын тілеймін, — деді Дариха апай.

Иә, екі дәуірдің куәгері, екі заманның жасампазы Дариха Ақмағанбетқызының дара жолы осындай. Мақтауға да, мақтануға да тұрарлық қазақ әйелінің бейнесі осындай-ақ болады.

25 НАУРЫЗ – АРАЛ ТЕҢІЗІ КҮНІ



Апырай, ә! Теңіз-тәңір өкпелі дейді. Неге?! Себебі, балықты заңсыз аулау, айдынды ластау, былтырғы «Уылдырық шашу», балықты қорғау акциясы аясында өңірде 214 заң бұзушылық, оның ішінде 5 қылмыстық іс анықталғаны айтылады. Осындайда, жастық шақта өзiм куә болған теңiз хикаяларының есiме түсе қалғаны-ай!

ТАҒЫМ

Сырдарияның теңізге құяр аяғында, қазіргі «Ақлақ» тоспасына тауау, жүз қаралы түтіні бар «Терістүбек» қыстағында өстім. Ол кезде сыр өзені теңізге өзімен алтау болып, ой-хой, жөңкіле ағатынды. «Жаман аша», «Көлдей мен Күркіреуік аша». Бергі бетте «Тік аша мен Мовда». Бұлар қолмен қазылған каналдар емес, арынды ағыс суы бұзып-жарып ылдифа құлаған... Кош дегізі! 1933 жылдың күзі. Аштық. Босқындар шағын ауылды басып қалды. Біздің үйге де үш отбасы қосылды. Жұпыны, 200 шақырымнан жаяулап, азып-тозып, шаршаған. Әрі аш. Мен сонда бес жаста едім. Әлгілер туған анамның төркіндері екен. Егіс шықпаған. Күйіп кеткен. Олардың бірі әкеме қарап: — Дәке, бізді биыл қыс паналат! — деді. Әкем Онайбике әжеме қарады. Үйдің биі сол. Ол жастықтан басын көтеріп: — Әй, Дәрішжан, (баласын осылай атайтын), — бұлар ел деп, құла-жекжат деп келіп отыр ғой. Әйда, іске кірісі! Болды. Айтқаны — заң! Ертеңіне, ашалардың ең ұзыны, әрі ық, әрі қамыс — құрақты, қояны мен түлкісі, үйрегі мен қырғауылы

бықылдаған, шатқалды, су емес балық ағатын «Жаман ашаның» сағасына келіп бастырма қазды. Дикандар емес пе, қысқы қонысын лезде-ақ бітірді. Қамыс қоғадан төсеніш жасап, пеш тұрғызып, жайланды. Әкем қолхозшы-балықшы. Ізіне ертіп, көмекшілерге жарып қалды. Балық көп. Тек аулау керек. Айла-тәсіл, еңбек керек. Олар қонданды, тойынды. Келіншіктерінің беті қызарып, балаларының іші шертіліп, семіріп шыға келді. Көктем есік қақты. Қайтатын уақыттары болды. Әжеме келіп алғыстарын жаудырды. Ол орнынан тұрып: — Бері жүріндер деп теңіз жағасына алып келді: — Сендерді асыраған мен емес, мына теңіз, теңіз-тәңір, осыған тағзым етіңдер, — деді. Теңіз-тәңір, — деді Онайбике қария. Сол теңіз ғой бұл.

ГЛОБУС

Өстік. Оқыдық. Бесінші сынып-тамыз. Тарих-жағрапия пәнінен Зейтөн ағай сабақ береді. Бірде біз көрмеген басы дөңгеленген затты үстелдің үстіне қойды. — Бұл не, ағай? — Глобус! Мұнда Жер шарының бәрі бар! — Арал теңізі ше?

— Міне, кел, қарандар! Лап қойдық. Расында, көк теңіз көзтартарлық екен. — Енді отырындар, тындандар. Теңіздің ұзыны — 475, ені — 280 шақырым, — деп бір тоқтады. — Бұл Голландия мен Белгия елінің жер көлемін қоса есептегенде біршама үлкен. Ең тереңі — 65,5, орташа тереңдігі — 16,5 метр. Теңіздер лай, лаптау болады. Ал біздің Арал — әдемі, сұлу, мөлдір. Мөлдірлігі сондай, 27 метр тереңдікке тастап жіберген қара бақырын көрініп жатады. Мөлдірлігі жағынан Егей теңізі ғана теңдесе алады. — Балығы ше, ағай?! — Балығы сапалы, дәмді, сінімді. Бекіре мен қаяздың, сазаны мен ақ балығын өздерің күнде қорек етіп отырсындар ғой. Теңіздің әр гектарында 10 килодан балық ойнайды. Ал Жерорта теңізінде гектарына жарты, Кара теңізде 2 килодан ғана! — Пай-пай! Балықтың көбі де, көкесі де бізде екен ау!

«БІР ШЕМАЯ — БІР ОҚ»

Соғыс басталды. 1942 жылдың маусым-шілде айларында капитан Бұғыбай Қожановтың шағын кемесіне 9 қайық тіркеліп, «Николай» атауына тарттық. («Возрождению») Зейтөн ағайдың айтқаны ып-ырас екен. Шалқар теңіз шалқып жатыр. Шексіз сияқты. «Қаратерең» қабасағи сағатына 20 шақырым алады екен. Сонда 280 шақырымдық ендікте 17 сағат жүзіппіз. «1 шемая — жауға атылған 1 оқ» деп ұрандалдық. Күн-түн аулады. Ұйқы шала. Ертеңгілік Арал қаласынан күнбе-күн балық қабылдайтын дәу екен деді. Соған 9 қайық балыққа толып баруы керек. Меже де, міндет те — осы. Осылай 2 ай алыстық. СССР Қорғаныс министрлігінің рұқсаты осынша уақытқа ғана екен. Ал торта тұқымдас сеп-семіз шемая балығы таусылар емес. Сонда 19 балық қолхозынан барған бір-бір бригаданың өзі екі айда қолхоздың жартыжылдық жоспарын орындап шығыппыз. Мұны бізге Бұғыбай аға мақтанышпен айтты. Қазір сол аймақ қара жер. Құдай шебер-ай!

ӘБДІЖӘМІЛ КӨКЕ-АУ!

Токсанға толса да автокөліктің түр-түрін басқарып, «Суыт жүр-

гінші» атанған Сейіл інім Жаппарбердіұлымен теңіз жағалауға барғанмын. Ол тоқсан, мен 95. Ол да, мен де — балықшы ұрпағымыз. Әбдіжәміл көкем теңіз тірі, ол тірі құбылыс дейтін. Соған сендіреді, соны сезіндіреді. Оның теңізі өкіреді, өксіді, солықтайды, ашуланады, күйзеледі, қапаланады, жылдайды... Ал бүгінгі теңіздің қаһарлануға да, мұнын шағып солықтауға да күші жоқ. Ықыласы жоқ. Үнсіз. Зіл батпан салмақ басқандай сұлық, жұбау... Зейтөн ұстазым айтқан ұлы теңіздің (ұзыны 475, ені 280 шақырым еді деген) жұқанасы қалса да бір серпілуі керек-ау деп, папкадағы мәліметті ашсам, қазіргі Кіші Аралдың ұзыны 109, ені 44 шақырымдай-ақ екен. Алақандай-ақ қой. Сөйтсе де біршама балық ауланып, тіпті импортқа жөнелтіп жатыр. Мындаған адам нәпақа, жұмыс тапты. Ал сонда жарықтық теңіз неге өкпелі, неге мұңлы? Сөйтсем сұлу айдыңның түбі арзан, бір-екі қарап, балығын алып тастай салатын зиянды, рұқсат етілмеген ауларға толып кетіпті. Олар су астында жатса да «балық аулайды» деседі. Өткен-кеткен балық ілінеді. Бірақ өздігінен шыға алмайды, өлексеге айналады. Құс та оралады. Тіпті адамдар да тастанды аулардан жапа шегіпті. Арал балық инспекциясы бөлімінің бастығы Есенбай Есіркепов мырзамен хабарласқанымда: — 2022 жылы «Таза су» акциясы нәтижесінде 6 тоннаға жуық ау мен тұрмыстық қалдық және 70 дана синтетикалық, полиамидтік, моноталшықтан жасалған ау су айдындарынан құрғаққа шығарылып өртелді. Осы жылы рұқсат етілмеген ауларды пайдаланған азаматтарға әкімшілік іс қозғап, сотқа жолданып, олардың 79-на әкімшілік айыппұл салынды. 152 дана ау жойылды, — деп, жауап қайырды. Әне, балығын аламыз, ішіп-жейміз, тойынамыз, сосын әлемдегі ең мөлдір болған теңіз — асырау-шымызды ластаймыз. Бұл қалай? Арлы жан ас ішкен астауын ластай ма екен? Әбдіжәміл көке-ау, естисіз бе, теңіз мұнын!

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ, тыл ардагері. Арал қаласы

Хабарландыру

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес, «КЭТТК» АҚ тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2022 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «КЭТТК» АҚ қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп беру бойынша жария тындау өткізілетінін хабарлайды. 1. Табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері: «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ ғимараты, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №25 ғимарат. 2. Есеп берудің өткізілетін күні мен орны: 20.04.2023 жыл, сағат 11.00, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №25 ғимарат (акт залы, 4-қабат); 3. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: электр энергиясын беру қызметтері.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Қайратбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2023 жылдың 8 қаңтарында қайтыс болған азамат Бекбергенов Мешитбайдың аттынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қосербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

БРИФИНГ

Рамазан – рақым айы

Рамазан – сауап жасау, мол мүмкіндік, рухани тұрғыдан өз-өзіңді жаңарту, жаңғыру айы. Берекелі айдың құрметіне орай қайырымдылық акциялары мен түрлі форматтағы іс-шаралар және онлайн режимде жарыстар өткізіледі.

Сұ Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Бұл туралы көшпелі брифингте облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Болатбек Әбуов айтты.

— Рамазан — айлардың сұлтаны. Күнелардың кеширлетін мың айдан да кайырлы Кадыр түні бар шоктығы биік ай. Қасиетті Құран Кәрімде Алла Тағала мүмiнлерге ораза ұстау жайында былай дейді:

«Әй, мүмiндер! Сендерге бұрынғыларға парыз кылғандай ораза парыз кы-



лынады. Әрине, сактанар-сында». Әлемдердің Раббысы айлардың сұлтаны болған Рамазанда шынайы сенiммен бiр ай ораза ұстаған жанның барлық күнеларын кешируге дайын. Бұл — тек Мұхаммед (с.ғ.с) үмбетiне берiлген асыл сый. Алла елшiсi өзiнiң құлси халисiнде ораза тұтқан адамның Алла алдында орны ерекше екенiн атап өткен.

— Биылғы Рамазан айы 23 наурызда басталады. Ал Айт мерекесi 21 сәуiрге, қасиеттi Кадыр түнi 17 сәуiрден 18

сәуiрге қараған түнге сәйкес келедi. Пітiр-садака мөлшерi Қазақстан мұсылмандар дiни басқармасы жанындағы ғұламалар кеңесiнiң шешiмiмен жан басына шаққандағы мөлшерi 535 теңге болып белгiлендi. Пітiр садакасын құрма, мейiз бағасымен де беруге болады. Дәстүр бойынша мешiттерiмiзде ауызашар дастарханы жайылып, 22 наурыздан бастап жамағатпен тарауық намаздары оқылатынын хабарлаймыз, — дейдi облыстың бас имамы.



Менің үлкен атам Битуған деген кісі діни сауатты, тақуа адам болған екен. Баласы Дәулет ағамызды да жастайынан арабша оқытып, діни сауатын ашыпты. Дәулет ағамыз ірі денелі, қайратты адам болған деседі. Ол кісі 1928-1936 жылдары Қазалы станциясында мешіттің бас имамы болыпты. Бес уақыт намазы мен оразасын қаза қылмай ұстап, жас балаларды оқытып, діни сауатын ашқан. Бірақ та Кеңес үкіметінің дінге деген көзқарасынан ол кісі көп қудаланған, кітаптарын үйге келіп, тартып алып, өртеген.

Анамыз Айбарша кезінде осындай әңгімелерді көп айтты отырушы еді. Ол кісі намаз оқып, ораза ұстап, таза жүрген. Дәулет ата науқас-танған кезде, бағып, батасын алған. Анамыз иман жүзді, көріпкелдігі бар, түс жорығыш жан еді. Аталарымыздың діни ілімі балалары Ишанқұл мен Әбдімәжитке дарымалты. Себебі, оларды да көп уақыт бойы «молданың балала-

ры» деп жұмысқа алмаған. Әкемнің ағасы Ишанқұлға соғысқа аттанарда Дәулет ағамыз бір кішкене ғана дұға оқып жазып берген екен, соның себебі болды ма, ол кісі ІІ дүниежүзілік соғысқа басынан аяғына дейін қатысып, ешбір жарақат алмай, аман-сау елге оралды. Ал әкеміз Әбдімәжит теміржолда машинист болып, соғысқа ок-дәрілер тасыған неміс ұшақтарының бомбалауынан көп жарақат алған, кейіннен «Құрметті теміржолшы» атағын алып, зейнеткерлікке шықты, 63 жасында қайтыс болды. Ал енді менің айтайын дегенім, «Адам баласы Құран оқып, ораза ұстап, Алланың жолымен түзу жүрсе, Алла да ондай жанға өз мейірімін төгіп, бір жақсы қабілеттер дарытады-ау!» деген ойдамын.

Міне, 7 жыл ораза ұстап келемін. Байқағаным, бұрын тамаққа тоймай жүрген адам ораза ұстаса, ауызашарда бір жұтым суға да риза болып, тағамды аз ғана ішкеннің

өзінде тойып шыға келеді екен. Анамның айтуынша, «Ораза барлық адамдарды теңестіреді, бай немесе кедей болсын, патша немесе жай адам болсын, шаруа немесе жұмысшы болсын, барлығы да Алланың үкіміне бағынып, Алланың құлы екенін ораза кезінде түсінеді» дейді. Ораза айы — адамның пенделік қылықтардан арылып, ішіп-жеуден уақытша болса да тыйылып, періштеге ұқсайтын сәті. Алғаш рет ораза ұстаушыға алғашқы бір апта өте қиын сияқты болып көрінуі мүмкін. Ал бір жұмадан соң, барлық қиындықтар артта қалып, ораза кестесіне адам өзінің қалай қалыптасқанын сезбей де қалады. Сағат шырылдамай-ақ, өзінен-өзі белгілі уақытта тұрып, сәресі ішіп, өзін өте жеңіл сезінеді. Отыз күндік ораза отыз сағаттай тез өтеді де шығады. Сенбесеніңдер, ораза ұстап көріңіздер!

Айбол ӘБДІМӘЖІТҰЛЫ

Ардагерлердің көшпелі алқасы

Облыстық ардагерлер кеңесінің кезектен тыс алқа мәжілісіне алқа мүшелері мен ардагерлер қозғалысының белсенділері қатысты. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев аға буынның өлдегі саяси шараларға үн қосуда әрдайым белсенділік танытатынын айтты.

— Өңірдегі іс-шаралар, қалақұрылысының қарқынды қанат жаюы қуантады. Салынғалы жатқан әуешай терминалының құрылысымен таныстыңыздар, бата берді-ңіздер. Сондай-ақ, сол жағалаудан 40 пәтерлі тұрғын үй берілгеніне де куә болдыңыздар. Апатты жағдай-

дағы тұрғын үй иелері жана қонысқа көшірілді. Бұл облыста атқарылып жатқан серпінді де қарқынды жұмыстардың нәтижесі дер едім, — деді ол.

Мұнан соң облыстағы ардагерлер қозғалысының жұмысын ілгерілетуге, аймақтың әлеуметтік-эконо-

микалық және рухани дамуына үлес қосып жүрген, жуырда ғана 70 жасқа толған ел ағалары Имамалдин Онғарбаев, Бақыт Нұрғазиев, Өмірбек Шәменов облыстық ардагерлер кеңесінің «Қызылорда облысының құрметті ардагері» медалімен марапатталды.

Кеңес төрағасы отбасының атынан Ұлыстың ұлы күніне арнап дастарқан жайып, наурызкөже ұсынды. Ардагер С.Ансатов ел аман-дығын тілеп, ақ батасын берді.

«СБ» ақпарат



Дүйсенбі күні қала іргесіндегі Ақжарма дауылына аттандық. Мұнда келуіміздің басты мақсаты — қазақы салт-дәстүрді бекем ұстанып отырған ауыл тұрғыны Райхан Шалбаевамен жүздесу. Межелі мекен-жайға кіребергеннен айтса айтқандай ауылға төн әдемі тіршілік көз сүйсіндіреді. Аядай ғана аулада жиырмаға жуық жеміс ағаштары бар. Жайдары көктем мезгілі келісімен қасиетті Жер-ана бауыры жіпсіп, жеміс талдарына қуат бергендей.

Сұ Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Киіз үйде қасиет бар



Райхан апа күн жылынуын тағатсыздана күтіп жүр. Өйткені жыл сайын есік алдына тігілетін сегіз қанатты ақбоз үйді тұтынып келе жатқанына жарты ғасырға жуықтады. Айтуынша, киіз үйдің сүйегі Қарақалпақстаннан әкелінген. Оған қажетті жабулар мен баулардың барлығы өз қолынан шыққан. Жасы жетпістен асса да әжей әлі тын көрінеді. Сөзі нық, ісі ширақ.

— Шырағым, ауыл баласы болсаң білерсің. Киіз үйдің қызығын жазда күн ысығанда көресің. Іргеде су шашып салқындатып алсаң күні бойы ыстықты жібермейді. Әрі таза ауа адам денсаулығына пайдалы. Әзімім Өзбекстан Республикасының Тамды деген жерінде дүниеге келгенмін. Бала кезден киіз үйде өстік. Анам күн жылынғаннан киіз

үй тігуге асығатын. Ол жақта халық түгел қазақы дәстүрді ұстаналды. Жастайымыздан бойымызға дарыған қасиет өмірлік дағдымызға айналып отыр. Киіз үйге қажетті басқұр, жел бау, түкті бау, бел арқан секілді дүниелердің барлығын өзім жүннен иіріп, токи беремін. Қыз жасауын да әзірлеймін.

Құрақ көрпе — ұзатылған қызға анасының артынан апаратын бұйымы. Ұрпағын құрақтай болып көбейсін деген ниетте тігіледі. Мұның бәрі — біздің ата-бабамыздың ұстанып кеткен саликалы жолы. Соны өз деңгейінде тани алсақ, ұрпағымыз ұлы дәстүрден алыстамайды, — дейді Райхан Дүкенбайқызы.

Әңгімелесе келе кейіпкеріміздің әкесі Дүкенбай ақсақал дәуірінде мықты шежіреші

болғанын білдік. 1978 жылы Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы шаңырағында қонақта болып, кейіннен Дүкенбай қария туралы естелік кітабында кеңінен әңгімелеген.

Кейіпкеріміздің көп қырының бірі — ақындық қабілеті. Әлі күнге дейін қолынан қаламын тастаған емес. Әжесі суырыпсалма ақын болған. 2018 жылы жергілікті баспалардың бірінен «Тамдының жыры бітпейді» атты кітабы жарық көрген. Өлендер жинағына туған жерге, ата-анаға, құрбы-құрдастарына деген сағыныштан туған туындылары топтастырылған. Соның бірі «Қайсар қазағым!» деген шығармасында ақын жүрегі былайша жырлайды:

— Ей, бауырым қартаға бір қарашы, Мынау кесіліп жатқан Қайсар қазақтың даласы. Орыстың, қытайдың, немістің, Ешқандай болмасың таласы.

Тауы, орманы, өзені, теңізі, Осынша байлықтың егесі

Тек қана қазақтың баласы, — деп туған өлке туралы тебірене толғайды. Жастайынан өлең жазумен қатар мың бояуды үйлестіріп, сурет өнерін де жалғастырып келеді. Жұқа тактайша бетіне жағылған бояуларға түрлі-түсті моншақтар жапсырып, қолөнер туындыларын жасайды. Бүгінге дейін 200-ден аса туынды жасап, көбісін сыйлыққа таратып берген.

Дүкенбай ақсақал мен Фатима ананың шаңырағынан түлеген 8 ағайындының ішінде бір інісінің шығармашылыққа бейімі бар. Тағы бір айтарлығы, кейіпкеріміз арабша оқып, жазып қазақшаға аударалды. Қайбір жылы облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешіті ұйымдастырған имандылықты насихаттау байқауында бак сынап, жүзге жуық талапкердің арасынан бас жүлдені жеңіп алған.

1971 жылы жары Жәлел Алдамжаровпен отау құрып, бүгінде өнегелі әулетке айналып отыр. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған қос қарияның ендігі арман-тілегі — егемен елдің тыныштығы.

Өлендерімді немерелерім жатқа айтып отырады. Соған сүйсініп қаламын. Ақбаян деген немеремнің өлең жазуға ынтасы бар. Болашағынан үміт күтемін. Ал арабша оқуды көптен менгергенмін. Әлім-сактан Адам ата мен Хауа ана жаратылғалы жер бетінде пайда болған тіршілік нәрі Құранмен тығыз байланысты. Сондықтан араб қарпін білген құран оқу жеңіл болады. Бір айта кететін жайт, кейбір замандастарымыз баласының тілі шықпаса, балағат сөз айтқызып жатады. Ал алғашқы тілі олай шыққан баланың өміріне шайтан араласалды. Сондықтан балаға қай кезде де имандылыққа үндейтін сөздер үйреткен абзал. Оған періштелер сырттай сүйсініп, Алладан тілеуін тілейді, — дейді Райхан Дүкенбайқызы.

Иә, баба дәстүрін дәріптеп келер ұрпаққа аманаттауда осындай аналардың әзіз жолы — тұнған өнеге. Бір басына бірнеше өнер дарыған ананың еліне, жастарға берері әлі де көп. Әжеймен болған алғаусыз әңгімеде біз осыны аңғардық. Қазақтың қасиетті киіз үйін әлі күнге дәріптеп, есік алдына тігуді дағдыға айналдырған жанның дарығын сезіндік. Киіз үйде қасиет бар.

Газетіміздің келесі саны 25 наурыз, сенбі күні шығады